

Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасына сәйкес автокөлік тасымалдарын сыйақы немесе өз есебінен орындауға рұқсат етілген кез келген жеке немесе заңды тұлға.

2. "Автокөлік құралы" :

1) жолаушыларды тасымалдау кезінде - жолаушыларды тасымалдауға арналған және техникалық талаптарға сәйкес жүргізушінің орнын қоса алғанда, тоғыздан астам отыратын орны бар автобус немесе кез келген механикалық жетекті жол автокөлік құралы ;

2) жүк тасымалдау кезінде - жүк тасымалдауға арналған кез келген механикалық жетекті автокөлік құралы немесе тіркемелер мен жартылай тіркемелерді қоса алғанда, техникалық талаптарға сәйкес қайта жабдықталған автокөлік құралы.

3. "Автобустармен жолаушыларды тұрақты тасымалдау" - бұл белгіленген аялдама пункттерінде жолаушылар отыра және түсе алатын жолаушыларды алдын ала белгіленген және жарияланған қозғалыс кестелеріне, тасымалдау тарифтеріне және тасымалдау шарттарына сәйкес белгіленген жол бағыттары бойынша, тасымалдау.

4. "Жолаушыларды автобустармен тұрақты емес тасымалдау" - бұл тұрақты болып табылмайтын жолаушылар тасымалы.

5. "Каботаждық тасымалдар" - бұл екінші Тарап мемлекетінің аумағында орналасқан екі пункт арасында бір Тарап мемлекетінің тасымалдаушылары жүзеге асыратын жолаушылар мен жүктердің тасымалдары.

6. "Рұқсат" - Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары берген және Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағы бойынша автокөлік құралының жүріп өтуіне (бару және қайту) құқық беретін құжат.

7. "Арнайы рұқсат" - Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары беретін және ірі көлемді және ауыр салмақты немесе қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған автокөлік құралдарының Тараптардың бірінің мемлекетінің аумағы бойынша жүріп өтуіне құқық беретін құжат.

3-бап

1. Автобустармен жолаушыларды тұрақты тасымалдау Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының келісімі бойынша тепе-теңдік негізде жүзеге асырылады. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары өзара келісім бойынша жол бағытының, өздерінің аумақтары арқылы өтетін бөлігіне тұрақты тасымалдауларды жүзеге асыруға арналған рұқсатты береді. Уағдаластық негізінде Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары рұқсаттың қолданылу шарттарын, ішінара алғанда, оның қолданылу мерзімін анықтайды, шекаралық өткелдер мен қолданылатын тарифтерді көрсету арқылы бағыт кестесін, сызбасын келіседі.

2. Тараптар мемлекеттерінің арасында жолаушыларды автобустармен немесе олардың аумақтары арқылы транзитпен тұрақты емес тасымалдаулар рұқсатсыз негізде

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

Тұрақты емес тасымалдар кезінде құзыретті бақылаушы орган беретін жолаушылардың расталған тізімі талап етіледі.

4-бап

1. Белгіленген бағыттарға сәйкес автобустармен жолаушыларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру құқығын куәландыратын рұқсатты алуға өтінім Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарына жіберіледі.

2. Өтінімнің, сондай-ақ рұқсаттың мазмұны мен нысанын Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары белгілейді.

5-бап

Бір Тарап мемлекетінің бос автобусы екінші Тарап мемлекетінің аумағына кірген кезде мынадай жағдайларда рұқсаттар талап етілмейді:

а) тасымалдаушы ақаулы автобусты пайдалануға жарамды басқа автобуспен а у ы с т ы р у ү ш і н ;

б) сол тасымалдаушының жолаушылар тобын, осы топ бұрын жеткізілген екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы пункттен бастапқы жөнелту пунктіне кері тасымалдау мақсатында кіруі үшін;

в) Тараптар мемлекеттерінің бірінде заңды және/немесе жеке тұлғалар үшін сатып алынған автобустарды айдап келу үшін.

6-бап

1. Автокөлік құралдарымен жүктерді тасымалдау:

а) екі Тарап мемлекеттерінің арасында;

б) екі Тарап мемлекеттерінің аумақтары бойынша транзитпен рұқсат болмай-ақ ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Осы Келісімнің 11-бабында көзделген тасымалдауларды қоспағанда, үшінші мемлекетке/мемлекеттен жүктерді тасымалдау Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары беретін рұқсаттардың негізінде автокөлік құралдарымен жүзеге асырылады.

2. Әрбір тасымалға, егер рұқсаттың өзінде өзгеше ескерілмесе, барып қайтуға бір рейс жасауға құқық беретін жеке рұқсат беріледі.

3. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары жыл сайын бір-біріне жүктерді тасымалдауға арналған рұқсаттар бланкілерінің өзара келісілген санын береді.

4. Әрбір автомобильге немесе автопоезға жеке рұқсат берілуі тиіс.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.01.2015 № 277-V Заңымен.

7-бап

Жолаушылар мен жүктердің каботаждық тасымалдарына тыйым салынады.

8-бап

1. Осы Келісімнің ережелерінде көзделген тасымалдарды өз мемлекетінің ұлттық заңнамасына сәйкес халықаралық тасымалдарды жүзеге асыруға рұқсат етілген тасымалдаушылар ғана орындауы мүмкін.

2. Автокөлік құралдарының жүргізушілерінде тиісті санаттағы автокөлік құралын басқару құқығына арналған, 1968 жылғы 8 қарашадағы Жол қозғалысы туралы конвенцияның талаптарына жауап беретін ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігі және автокөлік құралына арналған тіркеу куәлігі болуы тиіс.

3. Жүк автомобильдерінде немесе автомобиль тартқыштарында өз мемлекетінің тіркеу және айырымдық белгілері бар болған жағдайда, тіркемелер мен жартылай тіркемелерде басқа мемлекеттердің тіркеу және айырымдық белгілері болуы мүмкін.

9-бап

Әрбір тасымалдаушы Тараптар мемлекеттерінің заңды және тұлғаларына келтірілуі мүмкін залал үшін өзінің азаматтық жауапкершілігін алдын ала сақтандыруға міндетті.

10-бап

Осы Келісімнің ережелерінде көзделген тасымалдар Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес халықаралық автомобиль қатынасы үшін ашық автомобиль жолдары бойынша жүзеге асырылады.

Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары қажет болған жағдайларда тасымалдау бағытын белгілеуі мүмкін.

11-бап

1 . Р ұ қ с а т т а р :

а) ең жоғарғы массасы тіркемелерді қоса алғанда, 6 тоннадан аспайтын немесе ең жоғарғы жүк көтергіштігі тіркемелердің жүк көтергіштігін қоса алғанда, 3,5 тоннадан аспайтын автокөлік құралдарымен жүктерді;

б) зақымдалған автокөлік құралдарын;

в) п о ч т а н ы ;

г) жәрмеңке және көрме жүктерін;

д) театрға, музыкалық және басқа да мәдени іс-шараларға, цирк ойындарына, фильмдер көрсетуге, радио және телехабарларға арналған декорациялар мен басқа да

ж ү к т е р д і ;

е) күтпеген апатты жағдайда көмек ретіндегі дәрі-дәрмектер мен кез келген басқа материалдарды, сондай-ақ гуманитарлық жүктерді тасымалдау кезінде талап етілмейді.

2. Уақытша (транзиттік) тіркеу нөмірлері бар бос автокөлік құралдарын межелі жерге айдап әкелу кезінде де рұқсат талап етілмейді.

3. Осы Келісімнің 18-бабына сәйкес құрылған Бірлескен комиссия осы бапта көрсетілген рұқсаттарды талап етпейтін тасымалдардың тізбесін кеңейтуі мүмкін.

4. Жүргізушіде, ол жүзеге асыратын тасымал, тасымалдардың жоғарыда айтылған тасымалдар түрлерінің бірі болып табылатынын куәландыратын құжаттар болуы тиіс.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.01.2015 № 277-V Заңымен.

12-бап

1. Егер жүгі бар немесе жүксіз жүрген автокөлік құралының көлемдері немесе салмағы, сондай-ақ білікке түсетін салмақтық жүктемелері екінші Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген нормалардан асып кетсе, сондай-ақ қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде тасымалдаушы екінші Тарап мемлекетінің құзыретті органының арнайы рұқсатын алуы тиіс.

2. Егер осы баптың 1-тармағында аталған арнайы рұқсат автокөлік құралының белгілі бір бағыт бойынша қозғалысын көздесе, онда тасымалдау осы бағыт бойынша жүзеге асырылуы тиіс.

13-бап

1. Осы Келісім шеңберінде жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының иегерлері мен пайдаланушылары, ақылы автомобиль жолдарымен, автомагистральдармен, көпірлермен және тоннельдермен жүріп өту үшін алынатын алымдар мен төлемдерді қоспағанда, егер мұндай алымдар мен төлемдер, соның ішінде осы Тарап мемлекетінің автокөлік құралдарынан өндіріп алуға жататын болса, автомобиль құралдарын иеленуге немесе пайдалануға, екінші Тарап мемлекетінің автомобиль жолдарын пайдалануға немесе күтіп ұстауға байланысты алымдар мен төлемдерден өзара босатылады.

2. Осы Келісімге сәйкес тасымалдарды орындау кезінде екінші Тарап мемлекетінің аумағына уақытша әкелуге байланысты өндіріп алынатын кедендік төлемдер салудан:

а) жасаушы-зауыт қозғалтқыштың қоректендіру жүйесімен технологиялық және конструктивті жағынан байланысқан автокөлік құралының әрбір үлгісі үшін көздеген сыйымдылықтардағы жанармай, жасаушы-зауыт сондай-ақ жылу беру және салқындатқыш қондырғылардың жұмысына арналған тіркемелермен жартылай тіркемелерге орнатқан сыйымдылықтардағы жанармай:

б) тасымалдау уақытында тұтынуға қажетті мөлшердегі жағармай материалдары;
в) жол жүру кезінде, халықаралық тасымалды орындайтын автокөлік құралын қалыпты пайдалануға қажетті мөлшердегі қосалқы бөлшектер мен саймандар өзара б о с а т ы л а д ы .

3. Пайдаланылмаған қосалқы бөлшектер, сондай-ақ ауыстырылған ескі қосалқы бөлшектер Тарап мемлекетінің аумағынан әкетілуі, не кедендік органдардың бақылауымен жойылуы, не тиісті Тарап мемлекетінің аумағында белгіленген тәртіппен өткізілуі тиіс.

14-бап

Осы Келісімнің ережелерінде көзделген арнайы рұқсаттар, сондай-ақ тасымалдау құжаттары барлық сапарлар кезінде автокөлік құралында болуы және талап ету бойынша Тараптар мемлекеттерінің бақылаушы органдарының өкілдері тексеру үшін көрсетілуі керек.

15-бап

Тасымалдаушылар мен олардың автокөлік құралдарының экипаждары екінші Тарап мемлекетінің аумағында тасымалдауды жүзеге асырған кезде, осы Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасын, сондай-ақ Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардың ережелерін сақтауы тиіс.

Осы Келісімде, сондай-ақ екі Тараптың да мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарда реттелмеген мәселелер өзара консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен Тараптар мемлекеттерінің әрқайсысының ұлттық заңнамасына сай шешілетін болады.

16-бап

1. Тасымалдаушы немесе оның жүргізушілері екінші Тарап мемлекетінің ұлттық заңнамасын немесе осы Келісімнің ережелерін бірнеше рет бұзған кезде, аумағында автокөлік құралы тіркелген Тарап мемлекетінің құзыретті органдары, мемлекеті аумағында бұзушылық жасалған Тараптың өтініші бойынша мынадай шаралардың б і р і н қ а б ы л д а й д ы :

а) е с к е р т у ;

б) осы Келісімнің ережелеріне сәйкес тасымалдарды орындауға уақытша тыйым с а л у ;

в) бұзушылыққа жол берілген Тарап мемлекетінің аумағында тасымалдауды орындау құқығынан уақытша, жартылай немесе толық айыру.

2. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары бір-бірін өздері қолданған

ш а р а л а р т у р а л ы х а б а р д а р е т е д і .

3. Осы Келісімнің ережелерінде, аумағында ұлттық заңнамасы бұзылған Тарап мемлекетінің құзыретті органдары қолдануы мүмкін санкциялар жоққа шығарылмайды .

17-бап

1. Шекаралық, кедендік және санитарлық бақылауға қатысты Тараптар, Тараптар мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардың ережелерін басшылыққа алады, ал осы шарттармен реттелмеген мәселелерді шешкен кезде, аумағында бақылау жүзеге асырылатын мемлекеттің ұлттық заңнамасы қолданылатын б о л а д ы .

2. Жолаушылардың автобустармен тұрақты тасымалдары кезінде, сондай-ақ ауыр науқасты адамдарды, тез бүлінетін жүктерді және жануарларды тасымалдау кезінде шекаралық, кедендік және санитарлық бақылау бірінші кезекте жүзеге асырылады.

18-бап

1. Осы Келісімнің ережелерін орындау және оған байланысты мәселелерді талқылау мақсатында Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары Бірлескен комиссия құрады .

2. Осы Келісімнің және осы Келісімді қолдану ережелері туралы Атқару хаттамасының ережелерін түсіндіру немесе қолдану жөнінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, оларды Бірлескен комиссия шешетін болады.

3. Бірлескен комиссияның мәжілістері қажеттілігіне қарай Тараптардың бірінің құзыретті органының ұсынысы бойынша өткізіледі.

19-бап

1. Тараптар осы Келісімді қолдану ережелері туралы Атқару хаттамасында осы Келісімнің орындалу тәртібін белгілейді.

Атқару хаттамасы осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша осы Келісімге және осы Келісімді қолдану ережелері туралы Атқару хаттамасына, жекелеген хаттамалар түрінде ресімделетін және осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

20-бап

Осы Келісім, оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап

к ү ш і н е

е н е д і .

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тарапқа оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама жіберген күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қала береді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы автомобиль қатынасы туралы 1992 жылғы 16 қыркүйектегі келісім осы Келісім күшіне енген сәттен бастап өзінің күшін жояды.

2004 жылғы 19 қаңтарда Астана қаласында екі түпнұсқа данада әрқайсысы қазақ, беларусь және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін басшылыққа алынатын болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы
Үкіметінің арасындағы Халықаралық автомобиль
қатынасы туралы келісімді қолдану ережелері туралы
АТҚАРУ ХАТТАМАСЫ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь
Р е с п у б л и к а с ы н ы ң Ү к і м е т і ,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық автомобиль қатынасы туралы 2004 жылғы 19 қаңтардағы келісімді (бұдан әрі - "Келісім") қолдану ережелерін белгілеу мақсатында,
м ы н а л а р т у р а л ы к е л і с т і :

1. Мыналар Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары болып табылады:

Қ а з а қ с т а н Т а р а п ы н а н :

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі.

Б е л а р у с ь Т а р а п ы н а н :

3, 4, 10, 16 және 18-баптар бойынша - Беларусь Республикасының Көлік және
к о м м у н и к а ц и я л а р м и н и с т р л і г і .

12-бап бойынша - ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдарына арналған арнайы рұқсаттарды беру бөлігінде - Беларусь Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Белавтодор" департаменті, қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған арнайы рұқсатты беру бөлігінде - Беларусь Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің Өнеркәсіп пен атом энергетикасындағы жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау жөніндегі департаменті.

2. Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары белгіленген тәртіппен ресімделген жолаушылардың тұрақты

тасымалдарына арналған рұқсаттар береді.

3. Келісімнің 6 және 12-баптарына сәйкес автокөлік құралдарының жүруіне:

а) алып тасталды - ҚР 13.01.2015 № 277-V Заңымен;

б) Тараптар мемлекеттерінің аумақтары бойынша ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүруі үшін Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының арнайы рұқсаты;

в) Тараптар мемлекеттерінің аумақтары бойынша қауіпті жүктерді тасымалдау үшін Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының арнайы рұқсаты;

г) екінші Тарап мемлекетінің аумағынан үшінші мемлекеттің аумағына немесе үшінші мемлекеттің аумағынан екінші Тарап мемлекетінің аумағына тасымалдарды жүзеге асыруға Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының арнайы рұқсаты беріледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.01.2015 № 277-V Заңымен.

4. Рұқсат бланкісі:

Қазақстан Тарапы - қазақ және орыс тілдерінде;

Беларусь Тарапы - беларусь және орыс тілдерінде дайындайды.

Белгіленген жылға дайындалған рұқсат бланкілерінің реттік нөмірлері, сондай-ақ Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының тиісті қолы мен мөрі болуы тиіс.

5. Беларусь Тарапынан ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүруіне арналған арнайы рұқсаттар бланкілерін - Беларусь Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің "Белавтодор" департаменті, қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған арнайы рұқсаттар бланкілерін Беларусь Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің Өнеркәсіп пен атом энергетикасындағы жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуін қадағалау жөніндегі департаменті растайды.

6. Қазақстан Тарапынан ірі көлемді және ауыр салмақты автокөлік құралдарының жүруіне арналған арнайы рұқсаттар бланкілерін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі растайды.

7. Бірлескен комиссия немесе Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары әрбір келесі жылға, үшінші мемлекеттен/мемлекетке жүктерді тасымалдауды жүзеге асыруға арналған, олармен өзара келісілген алмасу өткен күнтізбелік жылдың 15 желтоқсанына дейін жүргізілетін рұқсаттардың қажетті санын белгілейді. Ағымдағы жылға берілген рұқсаттар күнтізбелік жыл бойы келесі жылдың 31 қаңтарына (қоса алғанда) дейін жарамды.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР 13.01.2015 № 277-V Заңымен.

8. Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдары осы Келісім ережелерінің орындалу барысы, халықаралық автомобиль тасымалына, салықтар мен кедендік төлемдерге байланысты Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасындағы өзгерістер туралы, өткен жылғы тасымалдардың жай-күйі, шекара өткелдерінің жұмыс режимі және тасымалдарды жетілдіруге бағытталған басқа да мәселелер туралы бір-бірін

х а б а р д а р

е т е д і .

9. Аталған құзыретті органдардың атауы немесе функциялары өзгерген кезде, Тараптар дипломатиялық арналар бойынша уақтылы хабардар етілетін болады.

Атқару хаттамасы осы Келісіммен бір мезгілде күшіне енеді.

2004 жылғы 19 қаңтарда Астана қаласында екі түпнұсқа данада әрқайсысы қазақ, беларусь және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Атқару Хаттамасының ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі мәтін басшылыққа алынатын болады.

Қазақстан Республикасының

Беларусь Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Осымен Астана қаласында 2004 жылғы 19 қаңтарда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімнің және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді қолдану ережелері туралы Атқару хаттамасының бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

С ы р т қ ы і с т е р

м и н и с т р л і г і н і ң

Х а л ы қ а р а л ы қ - қ ұ қ ы қ

д е п а р т а м е н т і н і ң

Бөлім бастығы